

Ұңғымаларды бұрғылаудың техникалық сипаттамасы

(Лот 2)

Жалпы тереңдігі 120 м болатын 4-6 ұңғымаларды бұрғылау. Бұрғылау түрі: айналмалы/соғысымды айналмалы (аумақтың геологиясына байланысты қажет түрін көрсету), жуу немесе үрлеу әдістерін қолдану, жобалық диаметрлер мен тереңдіктердің сақталуын міндетті түрде бақылаумен.

Құрылыс және мониторингтік жабдықтар:

Ұңғыманың басы: герметикалық металл/PVC какпактарды орнату, қажет болса қорғау тіректерін орналастыру, беткі сулардан қорғау үшін ұңғыманың аумағын жабдықтау (бетондау/кабаттау).

Жабдықтау: обсадка құбырын, сынама алу/субмерсивтік деңгей датчигі үшін құбырды орнату (жобаға сәйкес), рұқсатсыз кіруден қорғау үшін құлыппен жабу мүмкіндігі.

Гидрогеологиялық/мониторингтік ұңғымаларды бұрғылау және еңбек қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормалар мен ережелерді сақтау, орындаушыда тиісті рұқсаттар мен білікті персоналдың болуы.

Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі құрылымдық бөліміне қағаз түрінде келесі құжаттарды ұсынуға міндетті, олар өздерінің тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайды (бірақ тек олармен шектелмейді):

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатып алынатын қызметтер мен жұмыстар түрлеріне қажетті куәліктердің/лицензиялардың және өзге де рұқсат беру құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- әлеуетті жеткізуші персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі бар екендігін растайтын дипломдар, сертификаттар, оқудан және біліктілікті арттырудан өткені туралы куәліктер, куәліктер және т.б.);
- әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету тәжірибесін растайтын және куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері, әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған түрде;
- әлеуетті жеткізушінің мемлекеттік кірістер органдары алдындағы салықтар мен бюджетке міндетті өзге де төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы туралы бірінші данадағы анықтама;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын құжаттар, бұл құжаттар тиісті конкурсқа қатысуға өтінім жіберілген күннен кешіктірілмей даталануы тиіс;
- әлеуетті жеткізушінің өндірістік базасының (өндірістік ғимараттар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екендігін растайтын құжаттардың әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Басқарма мүшесі- ғылым және инновация жөніндегі проректор

Бағдарлама жетекшісі

Рахметуллина С.Ж.

Конурбаева Ж.Т.

Идришева Ж.К.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 25.12.2025 жылға дейін.